

Бейсембаев Г.Б.

**БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ЕРЛІК МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН
ПАТРИОТТЫҢ ТӘРБИЕНІҢ МОДЕЛІ**

Бейсембаев Г.Б.

**МОДЕЛЬ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ПРЕДОСТАВЛЯЕМЫЙ
ЧЕРЕЗ МУЖЕСТВО БОГЕНБАЙ БАТЫРА**

G.B. Beisembaev

**MODEL OF PATRIOTIC EDUCATION PROVIDED THROUGH
THE COURAGE OF BOGENBAI BATYR**

УДК: 371:56-25.4

Данная статья рассматривает создание модели патриотического воспитания путем героических подвигов батыра Богенбай.

This article is developed to creating models of patriotic educations by heraic Jit of batyr Bogenbay.

Мектеп оқушыларының патриоттық тәрбиесін шешу міндеті білім беру жүйесінде Бөгенбай батырдың ерлік істері арқылы қалыптасатын модель құруды талап етеді. Біз бұл модельді құру кезінде қоғам мен мектептің қазіргі кезеңдегі дамуына назар аударып отырып, ұжым мен жеке тұлғаның дамуы кезеңі, мақсаты, міндеті, қағидалары, функциялары, заңдылығы мен шарттарының жиынтығын ескеруі қажеттігін басты назарға алдық.

Қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мектеп оқушыларының патриоттық тәрбиесінің ары қарай дамуы мен іс-әрекет аспектілерін айқындауда, биік азаматтықты, өз отанының тағдыры жайлы ойлана біліп, оны қорғауға дайын болуға, сапалы, жаңа, күрделі тапсырмаларды теориялық түрде саналы ойлай білуге, яғни патриотизмді қалыптастыруда барынша ілгері қарай жылжуда. Тәрбиенің нақты-тарихи мақсаты тарихи жағдайлардың ауысуына қарай өзгеруде. Қазіргі таңда мектептің алдында тұрған қоғамның әлеуметтік тапсырмасы - оқушыларды өз елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, өз ана тілі мен басқа халықтардың тілін білуге және құрметтеуге, өз жерінде тұратын басқа халықтармен ынтымақты, тату-тәтті тұруға, өзінің конституциялық құқығын орындауға және қажет болса өз Отанын қорғауға дайын болу сияқты патриоттық сезімді қоғамдық және адамгершілік қағидалар тұрғысынан қалыптастыру. Осыған байланысты біз өз зерттеу жұмысымызда патриотизмнің маңызын: «Патриотизм - патриоттық тәрбие үрдісінде қалыптасатын адамның Отанына, туған жеріне, еліне, оның еткендегі тарихы * мен болашағына, рухани мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген қозғалысында, патриоттық сезімдерінің тығыз бірлігінде көрінетін күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл қоғам мүддесіне деген белсенді іс-әрекет, қауіп-қатер тонген кездегі оны қорғауға деген даярлық, Отан алдындағы борыш пен жауапкершілікті саналы түрде жете түсіну» деп анықтадық.

Модель құру педагогикада соңғы кезде әдіс ретінде кеңінен жүзеге асырылуда. Зерттеушілер пікірінде модель: «Модель - кейбір түпнұсқа жүйенің маңызды қасиеттерін көз алдына елестететін объект немесе таңбалар жүйесі. Модель - ғылыми таным процесінде үйлесімділікке негізделген таным құралы». «Модель түпнұсқадан өзгеше болуы керек: ол қарапайым, сонымен бірге түпнұсқаның маңызын

теңбе-тең етіп сақтауы қажет. Модельдеу кезінде ұқсас заттардың әртүрлі формалары, дәріптеу және абстракциялау процедурасы, анализ және синтездеудің әртүрлі формалары қолданылады» деп көрсетіледі.

Мектеп оқушыларына Бөгенбай батырдың ерлік істері арқылы патриоттық тәрбие беру моделінде қазақстандық қоғамның тарихи жағдайы, педагогиканың жетекші ережелері мен түсініктерінің басшылыққа алынуы, патриоттық тәрбие беру міндетін жүзеге асыру және қазақ батырларының ерлік істері, олардың өз отанына деген махаббаты мен халқына деген сүйіспеншілігі, еліне, жеріне деген мейірімділігін пайдалану мүмкіндігі ескерілуі қажет. Модельдің құндылығы сонда, оның негізінде зерттеу жұмысы неғұрлым нәтижелі болады. Модель бастапқы құрастырылған болжам мен түсініктердің негіздемесін тексеруге мүмкіндік береді.

Модельдеу Бөгенбай батырдың ерлік істері арқылы оқушылардың патриотизмін қалыптастыруға қабілетті жалпы білім беретін орта мектептердің біртұтас педагогикалық жүйесі болып табылады.

Ғылыми айналымға «педагогикалық үдеріс» ұғымын ХІХ ғасырдың екінші жартысында П.Ф.Каптерев енгізген болатын. Ол оны «білім беру үдерісі» ретінде қолданды. Педагогикалық үдерістің мазмұндық сипаттамасы жеке тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясын дамыту, күрделі құбылыстарды оқытудың жүйелі бағдарын қалыптастыру арқылы түсіндірілді. П.В.Каптерев ұсынып отырған анықтамада «педагогикалық үдеріс» ұғымы біртұтас үлкен ұғымды қорсетіп, оның оқыту, білім беру, үйрету, тәрбиелеу, даму, нұсқау, иландыру, жазалау т.б. сияқты кезеңдері болатынын көрсетуімен маңызды саналды. П.Ф.Каптерев педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбие біртұтастықтың кейбір бөлшегі ретінде өмір *сүреді деген пікірде болды. Сонымен бірге, ол мұнда кейбір бөлшектердің күрделі қатынастары байқалады деп өз ойын түйіндейді.

Бөгенбай батырдың ерлік мұраларын оқу және тәрбие үдерісінде пайдалану туралы ғылыми еңбектерді ескере отырып, Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беру төмендегідей элементтерден:

- мақсатты элемент - елінің тарихи жағдайын білуге, мәдени мұраларын қадірлеуге бағытталған қазіргі таңдағы мақсатқа сай келеді және оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Басты мақсат - оқушының дүниетанымын қалыптастыру, қоршаған ортада өз орнын таба білуге баулу. Қойылған мақсатты жүзеге асыруда міндеттің басымдылығы оқушының өз отанына деген махаббатын, сүйіспен-

шілігін тәрбиелеу болып табылады. Бұл мақсат пен міндетті жүзеге асыру құралы - оқыту процесі;

- ұйымдастыру-басқару элементі - Бөгенбай батырдың ерлік мұраларын мектептің базистік оқу жоспарына, оқу-әдістемелік кешенге енгізуімен сипатталады. Ол - мектептің бекітілген білім беру жүйесіне (дәстүрлі, Л.В.Занков жүйесі, Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жүйесі және т.б.) байланысты мектептің тәжірибелік жұмысына Бөгенбай батырдың ерлік мұраларының мүмкін нұсқасын ендіру. Мектептің білім беру жүйесіне Бөгенбай батырдың ерлік мұраларын ендіру үздіксіз білім беру қағидасынан туындауы қажет, өйткені Бөгенбай батырдың ерлік істері оқушының патриотизмін қалыптастыруда маңызды қозғаушы күш болуы керек. Бұл тұрғыда оқу-әдістемелік кешен, бағдарлы-әдістемелік, диагностикалық материалдар, оқу құралдарының топтамасы дайындалып, оқытушыны Бөгенбай батырдың ерлік мұраларын оқытуға дайындау жүйесі және т.б. жұмыстар атқарылады;

- мазмұндық элемент – мынандай міндеттерден: оқу мазмұнының мәдени-әлеуметтік, ерлік, батырлық істер мен оның ерекшелігін анық көрсетуінен; мектеп оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерінің ескерілуінен; мектеп оқушылар оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық қағидалардың бір-бірімен үйлесуінен; білім берудің әр сатысы бойынша оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету қажеттігінен тұрады;

- іс-әрекеттік элемент - іс-әрекетте жеке тұлғаның дамуын ескереді. Ол оқушыны білім беру процесінің субъектісі ретінде қабылдайды. Бұл жағдайда: а) оқушы өз еркімен шығармашылығын дамытады, өзіне-өзі рефлексия жасау мен өз бетінше әрекет жасауға қабілетті болады және өз көзқарасын басқалардың көзқарасымен үйлестіруді, шамадан тыс шектен шықпауды меңгереді; ә) оқушы ойын, мәселелі-ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке тартылады; б) оқушылармен әртүрі сыныпта және сыныптан тыс жұмыстар (сабақтар, викториналар, экскурсиялар, факультативтер, үйірмелер және т.б.) жүргізіледі; в) бұл іс-әрекеттің нәтижесі - оқушыларда өз Отанын, туған жері мен елін, оның тарихы мен салт-дәстүрін қадірлеу және патриоттық сезімді тәрбиелеу.

Тәрбие өлшемдері — педагогика ғылымының күрделі мәселелерінің бірі. Осыған байланысты осы кезге дейін педагогика ғылымын зерттеу барысында әр жастағы оқушылардың тұлғасын, көзқарасын, мінез-құлқын, санасының кейбір жақтарын зерттеу көрсеткіштері жинақталған, Ғрлым Н.И.Монахов оқушы тәрбие өлшемін анықтауды тұлғаның әртүрлі саласының бірлігі деңгейінде тұлғаның кешенді қасиеті ретінде сипаттап анықтауды ұсынса, Л.И.Божович, Л.С.Славина, А.В.Зосимовский, Т.Е.Конникова оқушы тәрбиелілігі деңгейінің негізінде, оның әртүрлі мотиві, мінез-құлқы, іс-әрекеті көрініс алған тұлғаның башттары бойынша анықтауды ұсынады.

Осылардың пікіріне орай И.С.Марьенко тұлға сапасының кейбір өлшемдері туралы айтуға болмайды деген пікір айтады. Ол кейде жанама өлшемдер аса шынайы болып табылады, солардың ішінде жетекші өлшемдер ретінде тұлғаның кейбір саласы мен сапасының мазмұнын суреттейтін сандық

және сапалық сипаттамаларды таңдауға болады дейді де, оның шынайы адамгершілікті дамуының ©лшеміне оқушының мінез-құлқы, практикалық әрекет, қылықтары жатады деп көрсетеді.


Тұлғаның патриоттық тәрбиесін дамыту процесі күгіделі де үзіліссіз процесс. Патриоттық тәрбие беруді мынадай бағытта жүзеге асыруға болады: оқушыларға патриоттық білім беру дүниетанымдық сенім мен белсенді іс-әрекеттің негізінде жағымды көзқарасын қалыптастыру және білімді практикада пайдалану патриоттық тәрбие процесінің нақты мазмұнын анықтауға, тәрбие процесінің жолдарын, құралдары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың патриотизмін қалыптастырудың механизмі өте күрделі, қайшылығы мол және өзінің жүйесінде оның мынадай: мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық компоненттерін қарастырады. Мотивациялық компонент - мотивтер кешенін, соның ішінде әсіресе, әлеуметтік парыз, ұят, намыс, жауапкершілік және т. б. қарастырады. Әлеуметтік мотивацияға білім мен сенімнен басқа тәжірибе де, яғни оқушымен бірге өтілетін практика да ықпал етеді.

Танымдық компонент - қоғам туралы, қоғамның дамуын анықтайтын негізгі моральдік және адамгершіліктік ережелер, құқықтар мен міндеттер туралы, мақсаттар туралы білім жүйесін қарастырады.

Мінез-құлықтық компонент - меңгерген білім, көзқарас, сенім және мотивациялық жүйесіне қарай оқушының мінез-құлқындағы нақты бағытты орындауда таңдайтын мүмкіндігін шамалайды.

Біз Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы оқушылар патриотизмінің қалыптасуын анықтауда осы үш компоненттерді негізге алдық: мотивациялық (сенім, қажеттілік, эмоция, мақсаттар, идеалдар), танымдық (білім), мінез-құлықтық (әрекеттер, қылықтар, істер) (сурет 1).



Модельді сараптай отырып оқушылар Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы патриоттық тәрбие берудің мәнін өте жақсы түсінеді, олардың оған деген қызығушылығы, эмоционалдық сезімі өте жоғары, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен сол кездегі халықтың елін, жерін қорғаудағы жанкештілігі, ұлттық намысы мен жігері, отансүйгіштік, патриоттық сезімі жайлы мәліметтерді, халық батырларының патриоттық

бейнелерін өте жақсы біледі, қазақ халқының басынан Өткен тарихи оқиғалардың бағытын бағалайды және жоғары дәрежеде мазмұндайды, әрбір тарихи оқиға мен сол оқиғаның басында жүрген ерлердің іс-әрекетіне өзіндік талдау жасай

біледі, сол кездегі ел қорғаны болған батырлар мен Бөгенбай батырдың ерлік істерін үлкен патриоттық сезіммен талдап, қорғайды, оның патриотизмді қалыптастырудағы рөліне ерекше мән беріледі.

2-кесте.

Оқушылардың патриоттық қасиетші қалыптастыру моделінің компоненттері және деңгейлері

| Компоненттері | Көрсеткіштері | Керсәндігері | Деңгейлері |
|----------------------------|---|---|---|
| Максат-ты-мотивациялық | Бөгенбай батырдың ерлік мұрасына патриоттық сипаттағы жағымды қозғарасы, Бөгенбай батыр туралы білім деңгейлері | – рухани құндылықтарды игере отырып, патриоттық қасиеттерді өз бойына жинақтай алуы, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрлерін білуі; қарым-қатынас элементтерінде адамгершілікті сезінуі; Отанын сүйе, елін қадірлей, туған жерінің табиғатын сүйе білуі; ұлтының тарихын, ұлттық тілін, ділін, салт-дәстүрін сақтай білуі; – батырды тани білуі және батырлардың тарихын, ерлігін батырлардың тіршілік тынысын танып, батыр ұрпақтарды тәрбиелей білуі. – денінің саулығын сақтай алуы, спортпен шұғылдана білуі; батырлардың салауатты өмір салтын, ширақтығын, ептілігін, мықтылығын білуі. | <i>Жоғары деңгей:</i> оқушылар Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы патриоттық тәрбие берудің мәнін өте жақсы түсінеді, олардың эмоционалдық сезімі жоғары, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен сол кездегі халықтың елін, жерін қорғаудағы жанкештілігі, ұлттық намысы мен жігері, отансүйгіштік, патриоттық сезімі жайлы мәліметтерді, халық батырларының патриоттық бейнелерін өте жақсы біледі, қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың бағытын бағалайды және жоғары дәрежеде мазмұндайды, әрбір тарихи оқиға мен сол оқиғаның басында жүрген ерлердің іс-әрекетіне өзіндік талдау жасай біледі, сол кездегі ел қорғаны болған батырлар мен Бөгенбай батырдың ерлік істерін үлкен патриоттық сезіммен талдап, қорғайды. <i>Жеткілікті деңгей:</i> Бөгенбай батырдың ерлік мұрасына деген қызығушылығы бар, оның патриотизмді қалыптастырудағы мәнін түсінеді, патриоттық мазмұнын сезіммен қабылдап, баяндап бере алады, оларға талдау беруде өзінің қозғарасын қорғай алады, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен сол кездегі халықтың елін, жерін қорғаудағы жанкештілігі, ұлттық намысы мен жігері, отансүйгіштік, патриоттық сезімі жайлы мәліметтерді, халық батырларының патриоттық интеллектуальды сезімдік |
| интеллектуальды сезімдік | Бөгенбай батырдың ерлік мұрасының патриоттық мазмұнының мүмкіндіктерін қабылдауы және баға бере білуі | - оқу-танымдық іс-әрекет қабілетін дамыта отырып, іс-әрекеттік теорияны практикалық жағынан ұғынып түсінуі; | бейнелерін жеткілікті дәрежеде біледі, қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың бағытын бағалайды және мазмұндайды. <i>Орта деңгей:</i> оқушылар Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы патриоттық тәрбие берудің мәнін түсінеді бірақ жеткіліксіз, злі де болса жұмыс істеуге тура келеді, олардың эмоционалдық сезімі төмен, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен сол кездегі халықтың елін, жерін қорғаудағы жанкештілігі, ұлттық намысы мен жігері, отансүйгіштік, патриоттық сезімі жайлы мәліметтерді, халық батырларының патриоттық бейнелерін толықтай білмейді, білуге де көп мән бермейді, қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың бағытын бағалай алмайды, оны жоғары дәрежеде мазмұндауға өресі жетпейді, әрбір тарихи оқиға мен батырлардың іс-әрекетіне өзіндік талдау жасауға келгенде қиналады, мұндай істерді көбінесе мұғалімінің көмегімен орындайды, <i>Төменгі деңгей:</i> оқушылар Бөгенбай батырдың ерлік мұралары арқылы патриоттық тәрбие берудің мәнін қызығушылық танытпайды, қабылдамайды, олардың эмоционалдық сезімі төмен, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен сол кездегі халықтың елін, жерін қорғаудағы жанкештілігі, ұлттық намысы мен жігері, отансүйгіштік, патриоттық сезімі жайлы мәліметтерді, халық батырларының патриоттық бейнелерін білмейді, білуге де мән бермейді, қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың бағытын бағалай алмайды, оны жоғары дәрежеде мазмұндауға өресі жетпейді, әрбір тарихи оқиға мен батырлардың іс-әрекетіне өзіндік талдау жасай алмайды. |
| Мінез-құлықтық тәжірибелік | -Бөгенбай батырдың ерлік мұраларының патриоттық мазмұнына талдау бере білуі; | -Бөгенбай батыр және басқа да батыр бейнелерге еліктеуі; -Бөгенбай батыр мен қазақтың басқа батырларының бойындағы патриоттық қасиеттерді әңгімелеп бере білуі. | |
| Мінез-құлықтық тәжірибелік | Бөгенбай батырдың ерлік мұраларының патриоттық мазмұнына талдау бере білуі; | -Бөгенбай батыр және басқа да батыр бейнелерге еліктеуі; -Бөгенбай батыр мен қазақтың басқа батырларының бойындағы патриоттық қасиеттерді әңгімелеп бере білуі. | |

Әдебиеттер:

1. Демеуова М.Е., Кожамбетова К.Ж., Аратай Л.Б., Молдыбаева Ш.Б. Воспитательные системы школ Казахстана (от модели до внедрения).- Алматы: Изд-во Сигнет-Принт, 2006.- 160с.
2. Кожамбетова К., Таубаева Ш., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. -Алматы, 2005. -с.89.
3. Божович Л.М., Славина Л.С. Психическое развитие школьника и его воспитание. -М.: Знание, 1979. - 96с.
4. Зосимовский А.В. Диагностика моральной воспитанности.// Советская педагогика, 1970, №7, С.30-36.
5. Ильина Т.А. Педагогика: Уч.пос. -М.: Просвещение, 1984. -496 с. Марьенко Н.С. Основы процесса нравственного воспитания школьников. -М.: Просвещение, 1980. -183 с.

Рецензент: д.пед.н., профессор Жумажанова Т.К.